

**Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» ШЖҚ ММК
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы
АҚПАРАТ**

19.05.2025ж.

Астана қ.

«Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ 2025 жылғы 27 наурызда бекітілген Астана қаласының квазимемлекеттік ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін (СЖТІТ) ішкі талдау жүргізу кестесіне сәйкес және 2025 жылға № 4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес» үлгілік негізгі бағытын іске асыру шеңберінде **ағымдағы жылдың 02-маусымнан бастап 14-шілде бойы Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» ШЖҚ ММК қызметіне СЖТІТ жүргізілетін болады.**

СЖТІТ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19-қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) Талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Талдау объектісінің ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

СЖТІТ әзірлеу және жүргізу барысында келесі үрдістер жүзеге асырылады:

1. Кәсіпорынның интернет-ресурсында, БАҚ және әлеуметтік желілерде СЖТІТ жүргізудің басталуын жариялау – 19.05.2025ж. дейін;

2. СЖТІТ жүргізу бойынша бұйрықты бекіту – 26.05.2025ж. дейін;

3. СЖТІТ жүргізу басталуы – 02.06.2025ж. дейін;

4. Кәсіпорынның интернет-ресурсында, БАҚ және әлеуметтік желілерде СЖТІТ нәтижелерін қоғамдық талдаудың басталуын жариялау – 27.06.2025ж. дейін;

5. СЖТІТ нәтижелерін қоғамдық талдау – 08.07.2025ж. дейін;

6. СЖТІТ нәтижелері бойынша талдамалық анықтамаға қол қою – 28.06.2025ж. дейін;

7. СЖТІТ нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу – 28.06.2025ж. дейін

8. Талдамалық анықтама мен Іс-шаралар жоспарын кәсіпорынның интернет-ресурсына орналастыру – 30.07.2025ж. дейін;

9. СЖТІТ нәтижелері бойынша енгізілген ұсынымдарды орындау бойынша ақпаратты дайындау жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың жойылуын бақылау мониторингісі – талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап бір жыл ішінде;

10. СЖТІТ нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жататын лауазымдар тізбесін құру- 25.07.2025ж. дейін.

**Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» ШЖҚ ММК қызметінде
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібіне қатысты
мәселелер бойынша келесі телефондар бойынша хабарласыңыз: +7 (707) 759 39
98 (Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» ШЖҚ ММК сыбайлас
жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің басшысы Құлжамбеков Д.)**
